

Ж.С.Хусаинова¹, Ж.М.Жартай², Г.К.Рахимжанова¹, М.Р.Газизова¹

¹Е.А.Бөкетов Караганды мемлекеттік университеті;

²Белорус мемлекеттік университеті, Минск
(E-mail: rgk84@mail.ru)

Қазақстан Республикасындағы тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесінде қолданылатын мемлекеттік кепілдемелер мен ең төменгі әлеуметтік стандарттардың ерекшеліктері

Кез келген қоғамның жан-жақты дамуы тек экономикалық өсу мен шаруашылық өмірдің даму қарқынына ғана тәуелді болмай, сонымен бірге өркениеттің прогрессивті тенденцияларының дамуына сәйкес келуі қажет. Әрбір қоғам белгілі бір дәрежеде экономикалық өсудің жағымсыз салдарынан қорғауды қажет етеді. Адамзат қоғамы дамуының әр түрлі экономикалық жүйелерінде кедей, әлауқаты төмен тұрғындардың мәселесі, оларға көмек және қолдау көрсету әдістері маңызды орын алып, өз ерекшеліктерін иеленді. Осы тұрғыда мемлекет алдында тұрғындарды әлеуметтік қорғаудағы мемлекеттік кепілдемелер мен ең төменгі әлеуметтік стандарттар деңгейін белгілеу ерекшеліктері аса маңызды.

Кілт сөздер: тұрғындар, әлеуметтік қорғау, мемлекеттік кепілдемелер, әлеуметтік стандарттар, әлеуметтік сала, қоғам, жәрдемақы, зейнетақы.

Нарықтық механизмде әлеуметтік қорғау қызметін мемлекет жүзеге асырады. Сондықтан ол тұрғындар жағдайының кепілі болып табылады. Әлеуметтік кепілдемелер бере отырып, мемлекет өзінің тұрғындары алдындағы басты міндетін орындайды. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының өзінде көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының азаматтарына жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшеріне, жасы келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде әлеуметтік қамтамасыздандырылуына кепілдік беріледі».

Конституцияның 24-бабында:

– Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

– Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

– Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

– Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік береді [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2014 жылғы «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» Жолдауына сәйкес анықталған бағыттардың бірі әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту болып табылады. Осыған орай еліміздегі мемлекеттік әлеуметтік кепілдемелер мен стандарттар жүйесінің ерекшелігін қарастыру аса маңызды. Әрине, ең бірінші кезекте біз халықаралық талаптар мен шарттарды қарастыруымыз қажет [2].

1952 жылғы Халықаралық Еңбек Ұйымының әлеуметтік қамтамасыз етудің (ең төменгі) минималды нормалары туралы (102) конвенциясы әлеуметтік қамтамасыз етудегі міндетті әлеуметтік жәрдемдер тізімін анықтайды:

1. Медициналық көмек.
2. Уақытша жұмыссыздық бойынша жәрдемақы.
3. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы.
4. Қарттық бойынша зейнетақы.
5. Жұмыста алған зияны мен жарақаты бойынша зейнетақы.
6. Отбасылық жәрдемақы.

7. Мүгедектік бойынша зейнетақы.

8. Асыраушысын жоғалту бойынша жәрдемақы.

Жоғарыда көрсетілгеннің біріншісінен басқасы ақшалай формада жүзеге асырылады.

Аталған конвенцияны қабылдай отырып, мемлекет жәрдемақының ең аз дегенде үш түрін қолдануы қажет, сонымен бірге оған ең төменгі қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Және де берілген конвенция шетел азаматтарының теңдігін қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік кепілдемелер — бұл азаматтардың конституциялық құқықтарын жүзеге асыруға бағытталған заңмен көрсетілген мемлекет міндеттемелерінің ұзақ мерзімді әрекет ету механизмі. Әлеуметтік кепілдемелердің негізі ең төменгі әлеуметтік стандарттар болып табылады.

Ең төменгі (минималды) әлеуметтік стандарттар — бұл әлеуметтік қорғаудың ең төменгі деңгейін бекітетін Қазақстан Республикасының заңдарымен орнатылған нормалар мен нормативтер жиынтығы. Мемлекеттік ең төменгі стандарттар жүйесін келесі салалардағы өзара байланысты мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар құрастырады:

1. Еңбек ақы орнату.
2. Зейнетақылық қамтамасыз ету.
3. Білім беру.
4. Денсаулық сақтау.
5. Мәдениет.
6. Әлеуметтік қызмет көрсету.
7. Тұрғындарға коммуналдық қызмет көрсету.

Стандарттар Қазақстан Республикасының үкіметімен немесе заңдарымен орнатылады.

Барлық ақшалай мемлекеттік ең төменгі кепілдемелер тұрғындардың өмір деңгейінің мемлекеттік стандарттарымен анықталуы қажет. «Өмір деңгейі» ұғымы адамдардың рухани және материалдық қажеттіліктерінің қанағаттандыру процесін көрсетеді.

Өмір деңгейін анықтау үшін өмір сүрудің ең төменгі деңгейі деген ұғым пайдаланылады. Өмір сүрудің ең төменгі деңгейі — тұлға дамуы мен ұдайы өндірістің қалыпты қызметі үшін қажетті өмір сүру қаражаттарының минимумын сипаттайды [3].

Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 16 қарашасындағы «Өмір сүрудің ең төменгі деңгейі туралы» Заңына сәйкес: «Өмір сүрудің ең төменгі деңгейі — көлемі бойынша минималды тұтыну қоржынына сәйкес келетін бір адамға қажетті минималды ақшалай табыс». Оның көлемі тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек бойынша құзыретті органмен ең төменгі тұтыну қоржынынан сай орнатылады. Ол республика мен оның аймақтары бойынша квартал сайын есептеледі.

Өмір сүрудің ең төменгі деңгейі келесі жас-жыныстық топтар бойынша есептеледі:

1. Балалар: 1 жасқа дейінгі, 1–3 жас, 4–6 жас, 7–10 жас, 11–13 жас.
2. Жасөспірімдер мен ерлер: 14–17 жас, 18–29 жас, 30–62 жас, 63-тен жоғары.
3. Жасөспірім қыздар мен әйелдер: 14–17 жас, 18–29 жас, 30–57 жас, 58-ден жоғары.

Өмір сүрудің ең төменгі деңгейі келесі формуламен есептеледі:

$$ВІМ = СПК + РНТ, \quad (1)$$

мұндағы $ВІМ$ — өмір сүрудің ең төменгі деңгейінің мөлшері; $СПК$ — тұтыну қоржынының құны; $РНТ$ — азық-түліктік емес тауарларға шығындар.

Ең төменгі тұтыну қоржыны – бұл заттай және құндық формадағы тауарлар мен қызметтердің минималды жиынтығы. Тұтыну қоржынын арнайы өкілетті статистикалық орган азық-түліктерді тұтынудың нормаларына сәйкес есептейді. Формуласы келесідей:

$$СПК = (p_1 * q_{1n} / 12 + p_2 * q_{2n} / 12 + \dots + p_i * q_{in} / 12), \quad (2)$$

мұндағы $СПК$ — тұтыну қоржынының құны; p_i — i -ші азық-түлік өнімінің орташа бағасы; q_{in} — бір жылдағы n -ші жас-жыныстық топтың i -ші өнімін тұтынудың ең төменгі көлемі.

2006 жылдан бастап тұтыну қоржыны өмір сүрудің ең төменгі деңгейінің 60 % құрайды. Егер тұтыну қоржынын анықтауда аймақ бойынша тауар бағасы туралы ақпарат болмаса, республика бойынша сол тауардың орташа деңгейі есептеледі.

Өндірістік емес тауарлар мен қызметтерге деген өзге шығындар үлесі Қазақстан Республикасының Үкіметімен орнатылады. Есептеу формуласы келесідей:

$$РНТ = (СПК / ДПК) * ДНТ, \quad (3)$$

мұндағы *РНТ* — азық түліктік емес тауарларға шығындар; *СПК* — тұтыну қоржынының құны; *ДПК* — азық-түлік тауарларына шығындар; *ДНТ* — азық-түліктік емес тауарлар мен қызметтер шығындарының нақты үлесі.

Өмір сүрудің ең төменгі деңгейі жыл сайын келесі көрсеткіштерді есепке алу үшін пайдаланылады:

- кедейшілік деңгейі мен өмір сүру деңгейін анықтау үшін;
- әлеуметтік саясаттың бағыттарын және тұрғындарды әлеуметтік қолдау шараларын анықтау үшін;
- ең төменгі өлшемдерді, яғни ең төменгі жалақы, зейнетақы, әлеуметтік төлемдерді, анықтау үшін.

Кедейшілік табалдырығы — адамның ең төменгі қажеттіліктерін өтеуге қажетті табыс деңгейі, ол республикадағы экономикалық мүмкіндіктерге байланысты орнатылады. Бұл көрсеткіш республика бойынша квартал сайын есептеліп отырады және тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетудің критеріі болып табылады.

Өмір сүрудің ең төменгі деңгейі ең төменгі жалақы, ең төменгі зейнетақы мөлшерін анықтауда пайдаланылады.

Әлеуметтік қорғаудың қаржылық көздері:

- мемлекеттік бюджет;
- мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар:
 - а) зейнетақы қоры;
 - ә) әлеуметтік сақтандыру қорлары;
 - б) жұмыспен қамту қорлары;
 - в) республикалық және аймақтық қорлар;
 - г) мемлекеттік емес қаржы көздері (жеке және қоғамдық мейірімділік қорлары).

Еңбек ақы саласындағы орнатылатын ең төменгі стандарттар келесідей болады:

- жалақының ең төменгі деңгейі;
- бюджет саласы қызметкерлерінің еңбек ақысын өтеудің ортақ тарифті сеткасы.

Ең төменгі (минималды) жалақы — ұдайы өндірістің қалыпты жағдайларын қамтамасыз етуге арналған жұмысшының жалақы деңгейі. Жалақының ең төменгі деңгейі кепілді сипатқа ие. Оның көлеміне сыйлықтар, қосымша ақы енбейді. Ең төменгі жалақының деңгейін анықтау, әдетте, өмір сүрудің ең төменгі деңгейін есептеумен анықталады. Өмір сүрудің ең төменгі деңгейі баға деңгейін ескергендегі тауар мен қызметтерге минималды қажеттіліктерді қанағаттандырудың нормативтері бойынша есептеледі.

Ең төменгі жалақы көлемінің тұтытудағы минимумға сәйкес келуі экономиканың тұрақтылығын және өндірістің жоғары деңгейін сипаттайды. Дағдарыс жағдайында минималды жалақы деңгейі экономикалық жағдайға байланысты бекітіледі.

Көптеген дамыған елдерде қазіргі кезде ең төменгі жалақы туралы нормативтік актілер әрекет етеді. Заңдық бекітілген минималды жалақы АҚШ-та, Францияда, Испанияда, Португалияда, Нидерландыда бар. Бельгия мен Грецияда минималды жалақы Ұлттық Ұжымдық келісіммен, ал Италия, Германия, Данияда салалық келісіммен анықталады. Ұлыбритания мен Ирландияда минималды жалақы деңгейін жалақы бойынша арнайы кеңестер реттейді. Олар үш жақты негізде (мемлекет, кәсіпкерлер, кәсіподақ) әрекет етеді [4].

Қазақстанда минималды жалақы заңдық негізде бекітіледі. Егер минималды жалақы 2007 ж. 9752 теңгені құраса, 2015 ж. ол 21364 теңге деңгейіне дейін өсті. 1-кесте арқылы біз минималды жалақы деңгейі динамикасының өзгеруін көре аламыз. Соңғы тоғыз жылда минималды жалақы 2,2 есе өсті.

1 - кесте

Қазақстан Республикасындағы ең төменгі жалақының өзгеру динамикасы

Жылдар	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Ең төменгі жалақы, тг	9752	10515	13470	14952	15999	17439	18660	19966	21364

Ескерту. Авторлармен [5] қайнар көзінің негізінде құрастырылған.

Зейнетақылық қамтамасыз ету саласындағы әлеуметтік стандарттар ретінде ең төменгі мемлекеттік зейнетақы мөлшері қарастырылды. 2014 ж. оның деңгейі 21736 тг құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 14 %-ға өсті. Осы кезеңдегі орташа зейнетақының өсімі орта есеппен 13%-ды құрады (2-кесте).


2 - к е с т е

**2007–2014 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша
зейнетақының төменгі және орташа мөлшері**

Жылдар	Зейнетақы мөлшері, тг	
	төменгі мөлшері	орташа мөлшері
2007	7236	10654
2008	7900	13418
2009	9875	17090
2010	12344	21238
2011	16047	27388
2012	17941	29644
2013	19066	31918
2014	21736	36068

Ескерту. Авторлармен [5] қайнар көзінің негізінде құрастырылған.

Сондай-ақ кестеден біз 2007–2014 жылдардағы республика бойынша зейнетақының төменгі, орташа мөлшерінің өзгерісін айқын көре аламыз және осы өзгерісті графиктік түрде де көрсетуге болады (сур. қара).



Ескерту. Авторлармен [4] қайнар көзінің негізінде құрастырылған.

Сурет. 2007–2014 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша зейнетақының төменгі және орташа мөлшерінің динамикасы

1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасындағы зейнетақылық қамтамасыз ету туралы» Заңына сәйкес, бұрын әлеуметтік зейнетақы алуға құқығы бар тұлғалар (мүгедектер, жетімдер, жесірлер және т.б.) мемлекеттік жәрдемақы жүйесіне ауыстырылып, мемлекеттік жәрдемақы ала бастады. Мемлекеттік жәрдемақыларды алушылардың саны мен олардың орташа мөлшерін 2-кесте арқылы көре аламыз.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың негізгі көрсеткіштері

Жылдар	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар саны	748378	756533	767213	767239	778504	768747	791631	774149
Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері, тг	8366	11319	12888	14037	15520	16384	17738	19918

Ескерту. Автормен [5] қайнар көзінің негізінде құрастырылған.

2-кесте мәліметтеріне сәйкес, 2007 жылмен салыстырғанда 2014 ж. мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар саны 3,4%-ға, ал олардың орташа мөлшері 38,1 %-ға өскеніне куә боламыз.

Біздің қоғамда социализмнен қалған бірқатар жеңілдіктер сақталған. 1999 жылға дейін республикада әлеуметтік жеңілдіктердің біртұтас жүйесі әрекет етті. Коммуналды қызметтерді өтеу, протездеу, қала көлігіндегі ақысыз жол жүру, медициналық көмек, санаториялық емдеу, дәрі-дәрмек және газетке жазылуға жеңілдіктер т.б. 1999 жылдың басында көрсетілген жеңілдіктер саны 140-қа жуық болса, 1999 жылдан бастап олардың көлемі елеулі қысқартылды. Соғыс ардагерлері мен кейбір тұрғындарға көрсетілетін жеңілдіктер ортақ мемлекеттік ақшалай жәрдемақымен ауыстырылды, алайда оның көлемі бұрын көрсетілген ақысыз жеңілдіктер құнын толық баса алмады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттар келесідей:

- бюджет деңгейлері тарапынан қаржыландырылатын білім беру мекемелеріндегі ақысыз қызметтер жиынтығы;
- мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі топтар мен кластардың шекті толтырылу нормалары мен нормативтері;
- оқушыларды әлеуметтік-экономикалық қолдаудың нормалары мен нормативтері;
- мемлекеттік білім беру мекемелерінде ақысыз білім алушы студенттер санының нормативі мен стипендия көлемі.

Қазақстан Республикасында 2014 жылғы білім беру мекемелерінің саны: мектепке дейінгі ұйымдар — 1179, жалпы білім беретін мекемелер — 8157, кәсіптік техникалық мектептер — 307, колледждер — 415, жоғары оқу орны — 181.

Қазіргі күні білім беру саласы өзінің дамуында сапалық тұрғыдан жаңа кезеңін бастан кешіріп жатыр. Осы саладағы жоғары жетістіктерге жету үшін, ең алдымен, ұстаздар құрамын қайта даярлау, материалдық техникалық база мен жаңа білім беру әдістемесін енгізу міндеті тұр.

Денсаулық сақтау саласындағы ең төменгі кепілдемелерді анықтау дегеніміз — ол аймақтағы 1000 тұрғынның дәрігерлермен, аурухана орындарымен, амбулаторлы мекемелермен қамтамасыз етілу көрсеткіші.

Қазақстан бойынша барлығы 55509 мамандандырылған дәрігерлер, 119 581 орта медициналық қызметкер өз жұмысын жүргізеді. 10 000 адамға шаққанда мамандандырылған дәрігерлер 36,5 адам, ал орта медициналық қызметкерлер 78,6 адамды құрайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 11 наурызындағы «2015–17 жылғы республикалық бюджет туралы» Заңының 11-бабына сәйкес 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1. Ең төменгі жалақы мөлшері — 21364 теңге.
2. Базалық зейнетақы төлемі — 3000 теңге.
3. Ең төменгі зейнетақы мөлшері — 23692 теңге.
4. Орташа айлық есептік көрсеткіш — 1982 теңге.
5. Өмір сүрудің ең төменгі деңгейі 21364 теңге көлемінде орнатылды.

Президенттің кезекті Жолдауы арқылы еліміз кешенді бағдарламаларға ие бола отырып, оларды жүзеге асыру барысында шын мәнінде жаңа Қазақстан құруға жол ашпақ. Қазақстан шын мәнінде жаңа әлемде сүруге мүмкіншілігі зор.

Әлеуметтік қорғау саласындағы негізгі кепілдемелер мен минималды стандарттарды қарастыру мен талдауды жүзеге асыру оларды қамтамасыз ететін заңнамалық негіздерді жетілдіруге мүмкін еместігін мойындау қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz>.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылдың 11 қарашасындағы «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz>.
- 3 Кузьярина А. Изменения в социальном законодательстве в регулировании прожиточного минимума, условий назначения и размеров государственных пособий // Труд в Казахстане. — 2006. — № 2. — С. 33–36.
- 4 Человеческое развитие в Казахстане: учебник / Под общ. ред. Н.К.Мамырова и Ф.Акчуры. — Алматы: Экономика, 2003. — 436 с.
- 5 Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.stat.gov.kz>

Ж.С.Хусаинова, Ж.М.Жартай, Г.К.Рахимжанова, М.Р.Газизова

Особенности государственных гарантий и минимальных социальных стандартов, используемых в системе социальной защиты Республики Казахстан

Всестороннее развитие любого общества зависит не только от уровня развития хозяйственной жизни и экономического роста, оно должно соответствовать прогрессивным тенденциям цивилизации. Любое общество в какой-то мере требует защиты от негативных последствий экономического роста. В различных экономических системах развития человеческого общества особое место занимают проблемы бедного населения и их низкого благосостояния, а также особенности методов оказания им социальной помощи и поддержки. Исходя из этого перед государством стоит важная задача определения уровня государственных гарантий и минимальных социальных стандартов.

Zh.S.Khussainova, Zh.M.Zhartay, G.K.Rakhimzhanova, M.R.Gazizova

Features of the state guarantees and the minimum social standards used in system of social protection of the Republic of Kazakhstan

Inclusive development of any society depends not only on development of economic life and economic growth, at the same time it has to correspond to progressive tendencies of a civilization. Any society to some extent demands protection against negative consequences of economic growth. Any society to some extent demands protection against negative consequences of economic growth. In various economic systems of development of human society the special place is taken by problems of the poor population and from low welfare, and also feature of methods of rendering the social help and support to them. Proceeding from it, the state is faced by especially important problem of determination of level of the state guarantees and the minimum social standards.

References

- 1 *Constitution of the Republic of Kazakhstan*, [ER]. Access mode: <http://www.akorda.kz>.
- 2 *The message of the President to the people of Kazakhstan «Nurly zhol — a way to the future»*, [ER]. Access mode: <http://www.akorda.kz>.
- 3 Kuzyarina A. *Work in Kazakhstan*, 2006, 2, p. 33–36.
- 4 *Human development in Kazakhstan*: textbook, edit. of N.K. Mamyrov and F.Akchura, Almaty: Economy, 2003, 436 p.
- 5 *Committee on statistics of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan*, [ER]. Access mode: www.stat.gov.kz.